

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ЗАМАНАУИ

ӘЛЕМДЕГІ

ҒЫЛЫМ МЕН

БІЛІМ

«BOLASHAQ» АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
30-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2026



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті өріптестер!
«Bolashaq» Академиясы Сіздерді академияның 30-жылдығына арналған

ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында қатысуға
шақырады.

 **Өткізу күні:**
26-27 қараша 2026 жыл



Қатысу формасы:
күндізгі / қашықтықтан



Жұмыс тілдері:
қазақ, орыс, ағылшын

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

1. «Bolashaq» Академиясы: 30 жылдық даму, серіктестік және жасампаздық

Ғылыми-білім беру жетістіктері, халықаралық ынтымақтастық, цифрлық трансформация, тұрақты даму және Академияның стратегиялық перспективалары.

2. Жаңа жағдайдағы құқық: заманауи сын-қатерлер, цифрландыру және қаржы-экономикалық аспектілер

Құқықтық және қаржылық трансформациялар, жасанды интеллект, цифрлық экономика, киберқауіпсіздік және құқық қолданудың инновациялық тәжірибесі.

3. Шекарасыз тілдер: мәдениетаралық коммуникация және көптілді білім беру

Шет тілдері, аударма, мәдениетаралық диалог, цифрлық коммуникация және тілдік білім берудегі жасанды интеллект технологиялары.

4. Уақыт кеңістігіндегі ұлт тілі мен әдебиет: мұра және жаңа парадигмалар

Тіл, әдебиет, ұлттық бірегейлік, цифрлық филология, жасанды интеллект және мәтінді зерттеудің инновациялық әдістері.

5. Болашақтың білімі мен психологиясы: цифрлық өзгерістер дәуіріндегі адам

Жасанды интеллект, оқытудың цифрлық және инновациялық технологиялары, инклюзивті білім беру, тұлғалық даму және психологиялық әл-ауқат.

6. Өзгермелі әлемдегі адам, қоғам және мәдениет: құндылықтар мен әлеуметтік бастамалар

Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер, қоғамның цифрлық трансформациясы, ұлттық құндылықтар, азаматтық бірегейлік және инновациялық әлеуметтік тәжірибелер.

7. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар: зерттеулер, технологиялар және фармацевтикалық инновациялар

Биология, медицина және фармация, жасанды интеллект, биотехнологиялар, цифрлық денсаулық сақтау және инновациялық дәрілік технологиялар.

*Конференция нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар жинағы шығарылады.
Автор(лар)дың мақала санына шектеу жоқ.*

МАҚАЛА РӘСІМДЕУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (1-ҚОСЫМШАДАҒЫ ҮЛГІНІ ҚАРАҢЫЗ):

- Көлемі мен форматы: 3-5 толық бет, электронды нұсқа, MS Word.
- Параметрлері: Times New Roman, 14 pt; жоларалық интервал: 1; абзац шегінісі: 0,8 см; жол шеттері: барлық жағынан 20 мм.

Мақала құрылымы

- Автор туралы ақпарат: ФИО, ғылыми дәреже, лауазымы, мекеме, қала, ел, e-mail.
- Мақала атауы – БАС ӨРІШТЕРМЕН, қою, ортаға туралау.
- Аннотация – 100-150 сөз, TNR, 12 pt, курсив, цитата мен аббревиатурасыз.
- Кілт сөздер – 5-6, TNR, 12 pt, курсив.
- Негізгі мәтін, суреттер и кестелер.
- Сілтемелер – тік жақшада, толассыз нөмірлеу.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – соңында, мақала тілінде, TNR, 12 pt., ГОСТ Р 7.0.100—2018 бойынша.

ҚОСЫМША АННОТАЦИЯЛАР

Қазақ тіліндегі мақала: аннотация орыс және ағылшын тілдерінде.

Орыс тіліндегі мақала: аннотация қазақ және ағылшын тілдерінде.

Ағылшын тіліндегі мақала: аннотация қазақ және орыс тілдерінде.

Шетелдік авторлар үшін: аннотацияның қазақ және орыс тілдеріне аудармасын редакция жасайды.

Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында материалдарды жариялау алдындағы міндетті кезең - оларды плагиаттың болуына тексеру болып табылады. Антиплагиат рәсімінен өткені туралы куәлікті ұсыну талап етіледі (сіз үшін қолайлы кез келген сервисте).

Мәтіннің түпнұсқалығы мақала көлемінің кемінде 50% -ын құрауы тиіс.

Электрондық поштаға жіберілетін файлдың атауында автордың тегі және қала көрсетілуі тиіс. «Өтінім» тіркеу нысаны мақалаға қоса беріледі (2-қосымшаны қараңыз).

Мақала мен өтінімді жіберу мерзімі — 2026 жылдың 06 қарашаға дейін (сол күнді қосқанда)

Барлық мақала электрондық поштаға жіберіледі:

conference_bolashaq@bolashaq.edu.kz

Ұйымдастырушылық жарна автордың өтінімінде көрсетілген сұрау салуына байланысты төленеді:

- барлығына жинақтың электрондық *.pdf форматы — 3000 теңге.
- конференция қатысушысының сертификаты — 500 теңге.

Жақын және алыс шетелдерден келген конференцияға қатысушылар үшін конференцияға қатысу тегін (материалдар жинағының *.pdf форматы).

Мақала қабылданбаған жағдайда редакция қабылданбау себептеріне түсініктеме бермейді, бірақ бұл туралы авторға тиісті хабарламамен хабарлайды. Мақалалардың қолжазбалары мен өзге де материалдары қайтарылмайды.

Мақалалар ұйымдастыру төлемінсіз қабылданбайды, төлем "Bolashaq" академиясы" жеке мекемесінің есеп шотына жүргізіледі.

Ұйымдастыру жарнасының төленгені туралы құжат сканерленген түрде электрондық пошта арқылы ұсынылады. Төлем «Конференция» деген белгісі бар есеп шотқа аударумен енгізіледі.

БАНК РЕКВИЗИТТЕРІ:

«Bolashaq» академиясы» жеке мекемесі

Кбе 17

БИН 950640001690

КНП 861

ЧУ «Академия «Bolashaq»

ИИК KZ 376010191000066207

БИК HSBKK KZ KX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

КОНФЕРЕНЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ БАЙЛАНЫС КООРДИНАТТАРЫ

Конференцияны өткізу жөніндегі жалпы үйлестіру және ұйымдастыру мәселелері:

Тұрғанбай Мадина Думанқызы

Жұмыс телефоны: +7(7212) 420425 (ішкі 042)

Ұялы телефон: +7 775 796 43 98

Шектеу және карантин шаралары қолданылған жағдайда конференция онлайн-форматта өтеді.

Конференция секцияларының жұмысына тіркелу және қатысу үшін қажетті сілтемелер қатысушылардың электрондық мекенжайларына қосымша жеткізілетін болады.

1-қосымша

Мақала рәсімдеу үлгісі

Сыздыкова А.Д.
х.ғ.м., доцент, химия пәні мұғалімі
№88 гимназия, Қарағанды, Қазақстан Республикасы
syzdykova@mail.ru

**АТА - АНА ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛАНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ: ОТБАСЫ МЕН
МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

Аннотация 100-150 сөз.

Кілт сөздер: 5-6 сөз.

Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін,
мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Орысша аннотация.

Ағылшынша аннотация.

2-қосымша

**«Заманауи әлемдегі ғылым мен білім»
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына
қатысу туралы өтінім**

Автор және соавторлар Т.А.Ә. (әрбірінікін толық жазу)	
Ғылыми дәрежесі, атақ (әрбірінікін толық жазу)	
Лауазымы (әрбірінікін толық жазу)	
Қала, ел (әрбірінікін толық жазу)	
E-mail (әрбірінікін толық жазу)	
Ұялы телефон (әрбірінікін толық жазу)	
Секция атауы (міндетті түрде жазу)	
Мақала атауы	
Конференция қатысушысының сертификаты (саны)	
Конференцияға қатысу (күндізгі / қашықтықтан)	

ЕСКЕРТПЕ: ӨТІНІМНІҢ ӘР ЖОЛЫ ТОЛЫҚ ТОЛТЫРЫЛУЫ КЕРЕК.